

Ауылда. Саусақ жаттығуы «Қошақаным»	Ауыл туралы әңгімелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Ауыл туралы бейне ролик
Ыдыстар. Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды толықтыр»	Ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту, жұмбақтар шешкізу. Сөйлемдер құрастырту	Көрсету түсіндіру, айту	«Ыдыстар» картинасы сериясы
Біз мектепке барамыз. Дидактикалық ойын: «Оқу құралдарын ата»	Мектеп туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Мектеп туралы бейне ролик
Барлығы:		36 сағат	

«Майлыаяқ»			
8 наурыз – Аналар мерекесі. Саусақ жаттығуы « Гүл тереміз»	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу	Көрсету түсіндіру, айту	Ана туралы өлең (Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша)
«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Тышқан»	Ертегі мазмұнын айту, сахналау. Жұмбақтар шешу, өлеңдер оқу	Көрсету түсіндіру, айту	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
Наурыз – жыл басы. Дидактикалық ойын «Сандық»	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Наурыз мерекесі туралы бейне ролик
Малдың төлі. «Төлдер айтысы» ертегісі. Саусақ жаттығуы « Бұзауқан»	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. «Төлдер айтысы» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналау	Көрсету түсіндіру, айту	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау
Буынға бөлейік. Саусақ жаттығуы « Торғай мен түлкі»	Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Қол жаттықтыру жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Торғай мен түлкі суреттері
Дыбыстың сөздегі орны. Ойын «Қасқыр»	Сөздегі дауыссыз дыбыстың орнын анықтау. Тіл ұстарту жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Қасқыр туралы суреттер
Менің сүйікті қалам. Саусақ жаттығуы « Күн мен гүл»	Қала туралы әңгімелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Қала туралы бейне ролик
Менің достарым. Саусақ жаттығуы « Күн көжек»	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату	Көрсету түсіндіру, айту	«Менің достарым» картинасы
Балабақша. Саусақ жаттығуы « Тордағы құс»	Балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгімелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Балабақша туралы бейне ролик

Қысқы еңбек. Саусақ жаттығуы «Мүз бұлақ»	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу	Көрсету түсіндіру, айту	Үлкендердің еңбегі туралы сурет, бейне ролик
Қыс қызығы. Саусақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	Көрсету түсіндіру, айту	«Қыс қызығы» картинасы
Сөз тіркестері, сөз, буын, дыбыс. Тіл жаттығуы «Қоңыз»	Сөз тіркестері туралы түсінік беру. Сөз тіркестерін сөздерге, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөле білуді үйрету	Көрсету түсіндіру, айту	Қоңыз туралы материалдар (интернеттен)
Киімдер. Саусақ жаттығуы «Қолшатыр»	Киімдер туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әңгімелесу	Көрсету түсіндіру, айту	Жыл мезгіліне байланысты киімдер суреттері
Үй жануарлары. Саусақ жаттығуы «Ботақан»	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу	Көрсету түсіндіру, айту	Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар
Жабайы аңдар. Саусақ жаттығуы «Қорбаңбай аю»	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	Көрсету түсіндіру, айту	Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
Көлік түрлері. Саусақ жаттығуы «Ұшақ»	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Көлік түрлері туралы слайд, аудио, видео таспалар
Аң аулау. Саусақ жаттығуы «Қарсақ пен түлкі»	Аңшы туралы әңгімелеу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу. Сурет бойынша әңгімелесу	Көрсету түсіндіру, айту	«Аңшы» картинасы
Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы	Әңгімені үлгі сызба бойынша баяндау. Әңгімені өз қиялымен аяқтау. Тіл ұстарту жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Итке байланысты суреттер жинағы

Сөйлем түрлері. Саусақ жаттығуы «Моншак»	Сөйлем түрлері туралы түсінік беру. Қол жаттықтыру жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Моншакқа байланысты мазмұнды суреттер
Ойыншықтар. Саусақ жаттығуы «Тындамайтын доп»	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу. Антоним сөздер туралы түсіндіру	Көрсету , түсіндіру, айту	Ойыншықтардың суреттері
Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Сөйлемнің құрылымына талдау жасау. Қол жаттықтыру жаттығулары	Көрсету түсіндіру, айту	Ара тақырыбына байланысты сөйлемдер құрату
Сөз тіркесі. Тіл жаттығуы «Шегіртке»	Сөз тіркесі туралы алған білімдерін кеңейту. Суреттерге қарап, сөз тіркестерін құрастыру	Көрсету түсіндіру, айту	Шегіртке тақырыбына байланысты сурет
Қысқа дайындық. Тіл жаттығуы «Дауыстарын қайтала»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру	Көрсету түсіндіру, айту	Жануарлар суреттері, аудио, видео таспалар
Қысқы тіршілік. Саусақ жаттығуы «Қасқыр»	Қыстап қалатын құстар мен жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	Көрсету түсіндіру, айту	Құстар мен жануарлардың мазмұнды суреттері
Менің Қазақстаным. Саусақ жаттығуы «Үй »	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	Көрсету түсіндіру, айту	Рәміздер, Астана туралы бейне ролик

Тақырыптар	Мақсаты	Әдіс - тәсілі	Көрнекіліктер
Сөйлем. Саусақ жаттығуы «Доп»	Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	Көрсету түсіндіру, айту	Күз мезгіліне байланысты сурет
Буын, дыбыс. Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату	Көрсету түсіндіру, айту	Кірпінің суреті
Отбасы. Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз»	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	Көрсету түсіндіру, айту	Отбасы туралы сурет; Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау
Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар»	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру	Көрсету түсіндіру, айту	Күз мезгілі туралы өлең
Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру	Көрсету түсіндіру, айту	Жемістер суреті
Сөз. Сөз тіркестері. Саусақ жаттығуы «Құлпы»	Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу	Көрсету түсіндіру, айту	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері
Сөйлем құрылымы. Саусақ жаттығуы «Жаңбыр»	Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	Көрсету түсіндіру, айту	Жаңбыр туралы сурет, өлең

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

Міндеттері:

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

Мазмұны:

- Сөйлем
- Отбасы мүшелері
- Сөйлем құрылымы
- Сөз тіркестері
- Тіл ұстарту жаттығулары
- Сөйлем құрылымына талдау
- Сөздерді буынға бөлу

Түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ, тіл жаттығулары балалардың:

- нәзік саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру арқылы қолын жазуға дайындайды;
- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айтып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада саусақ, тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы



**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"
Бөбекжай- бақша директоры
С.Ж.Жанекешова С.Ж.Жанекешова**

**№12 «Ақ бота» мектепалды даярлық тобының
«Кел, сөйлейік, балақай!»
вариативтік компонент
ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

2020-2021 оқу жылы